

# МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТҰЛҒАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ҰЛТТЫҚ ОЙЫННЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Ақгул ЖУБАНДЫҚОВА\*  
Кулбаршын МЕТЕРБАЕВА\*\*  
Бакытжамал АРЗАНБАЕВА\*\*\*

**Түйіндеме:** Бұл ғылыми мақалада мектепке дейінгі ұйымдарда ұлттық ойынды пайдалану арқылы бала тұлғасын қалыптастыру туралы қарастырылады. Бала тұлғасын қалыптастыруда ұлттық ойынды қолданудың жолдары мен әдіс-тәсілдері көрсетіледі. Сонымен қатар, түркі халықтарымен бірегей «Бестемше» ойынының маңызы айтылады. Сондай-ақ, ұлттық ойындарды мектепке дейінгі ұйымда пайдаланудың жолдары, әдістері мен тәсілдерін саралап, соның негізінде баланың тұлғасын қалыптастыруға болатынын сөз етеді.

Ұлттық ойындары – мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі екенін дәлелмен келтіре отырып, ойындарда бала өзін қоршаған дүниені танып, оның интеллектісі, ойы, қиялы дамиды, әлеуметтік қасиеттері қалыптасатындығын көрсетеді. Ұлттық ойындар арқылы балалар өз халқының және өз елінің мәдениетімен және құндылықтарымен танысатындығын теориялық талдауларды басшылыққа ала отырып қарастырады.

Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын қалыптастыруда ұлттық ойынның ерекшелігі нақтыланып берілген.

**Тірек Сөздер:** *Мектепке Дейінгі Ұйым, Бала, Ойын, Ұлттық Ойын, «Бестемше»*

## Features of the National Game in Formation of the Personality of Preschoolers

**Abstract:** The scientific article examines the formation of a child's personality through national play in preschool organizations. The ways and techniques of using the national game in the formation of a child's personality are shown. In addition, the importance of the unique game of the Turkic peoples "Bestemshe" is noted. It is also noted that it is possible to form a child's personality based on the differentiation of ways, methods and techniques of using national games in a preschool organization.

It is proved that national games are one of the main means of forming the personality of preschoolers, since in games the child learns about the world around him, develops his intellect, thoughts, imagination, and social qualities are formed. Guided by theoretical analysis, acquaintance with the culture and values of one's folk and one's country through national games is considered.

Also, the specifics of the national game in the formation of the personality of preschoolers are specified.

**Key Words:** *Preschool Organization, Child, Game, National Game, "Bestemshe"*

## Кіріспе

Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғасын қалыптастыру қазіргі қоғамның маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Дәл осы мектеп жасына дейінгі кезеңде адамгершілік негіздері, қоғамдағы мінез-құлық нормалары, баланың жеке қасиеттері қалыптасады.

Ұлттық ойындары–мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасын қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі. Ойындарда бала өзін қоршаған дүниені танып, оның интеллектісі, ойы, қиялы дамиды, әлеуметтік қасиеттері қалыптасады. Ұлттық ойындар арқылы балалар өз халқының және өз елінің мәдениетімен және құндылықтарымен танысады.

Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда ұлттық ойындарын пайдалану мәселесі ғылыми әдебиеттерде кеңінен берілген.

Ойындар жөнінде ХХ ғасырдың бас кезінде қазақ зиялы қауымы құнды пікірлер айтқан. Мәселен, қазақтың педагогика ғылымының іргетасын салған баланың өміріндегі ойынның маңызын айта келе, Жұмабаев «...ойын дегеніміз – айқын, білімге құмарлық пен еліктеудің маздап жанар оты. Ойын – тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан-ойға жетелейтін, балаға қиялы қанат бітіретін ғажайып нәрсе, өмір тынысы»

\* Kazakh National Women's Teacher-Training University, akgul71@mail.ru

\*\* Kazakh National Women's Teacher-Training University, meterbaeva@bk.ru

\*\*\* Kazakh National Women's Teacher-Training University, barzanbaeva@mail.ru

деген [1]. Автор ойындарды халық мәдениетінен бастау алар қайнар көзі, ойлау қабілетінің өсу қажеттілігі, тілдің, физикалық дамуының негізгі элементі деп тұжырымдағанын көрсетеді.

Мектепке дейінгі білім беруде ойын әрекетін ұйымдастыру мәселесіне Тұрыскелдина, Иманбеков, Сағындықов, Төкеев, Төленованың еңбектерінде зерттеулер жүргізген. Зерттеу еңбектерінде баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда ұлттық ойынға ерекше көңіл бөліп, ұлттық сананы, ұлттық салт-дәстүр мен мәдениетті мектеп жасына дейінгі балалардан бастау керектігіне тоқталады.

М.Т.Турскельдина Дене сапасын дамыту ойындары – 45

1.1. доппен ойнау ойыны – 13

1.2. Эстафеталық – 5

1.3. спорттық ойындар – 4

1.4. судағы ойындар – 8

1.5. шаңғымен ойнау – 8

1.6. сырғанау ойыны – 7

1.7. ептілікті дамыту ойындары – 13 [2].

Дүниежүзі халықтарының қимылды ойындар деп жіктесес, Е.Сағындықов ойын-сауық; физикалық даму-спорттық; оймен қабілетті дамытатын ойындар деп жіктемесін береді [3].

Запорожец әр түрлі тәрбиелік функцияларды (дамытушылық, танымдық, ойын-сауық, диагностикалық, түзетушілік және т.б.) атқаратын халық ойындары балаларды халық мәдениетімен таныстыру құралы ретінде қызмет етеді және мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативті дағдыларын дамыту құралдарының бірі болып табылады деп есептейді [4].

Лесгафт халықтық ашық ойындар баланың жеке басын жан-жақты дамытудың, оның адамгершілік қасиеттерін: адалдықты, шыншылдықты, әділ төзімділікті, тәртіпті, жолдастықты қалыптастырудың құнды құралы екенін атап көрсетті. Ол: «Біз балаларды өзін-өзі бақылауға үйрету үшін ойындарды қолдануымыз керек» деген сөзі әйгілі. Ойында «өздерінің әртүрлі сезімдерін тежеуге, оларды дағдыландыруға үйрету, осылайша олардың әрекеттерін санаға бағындыру» қажет [5].

Халық ойыны баланы бүкіл ел халықтарының салт-дәстүрлерімен, әдет-ғұрыптарымен таныстыруға көмектеседі. М.И. Лисина халық ойыны дәстүр байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің ең маңызды жолы екенін атап өтті. Ол айналадағы шындықты түсінуге, өз халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрыптарын меңгеруге, сонымен қатар өмірге қажетті дағдылар мен икемділіктерді меңгеруге бағытталған [6]. Балаларға арналған дәстүрлі ойындар тәрбиенің әмбебап құралы болып табылады, өйткені олар баланың ақыл-ойын тәрбиелеп қана қоймайды, сонымен қатар оны моральдық және физикалық тұрғыдан шыңдап, денсаулығын нығайтады. Оларда халық өнерінің барлық саласы көрініс тапқан.

Ұлттық ойыны – қоғам дамуының белгілі бір тарихи кезеңінде кең тараған және оның өзіне тән белгілерін көрсететін және қоғамдық-саяси, экономикалық және ұлттық өзгерістердің әсерінен өзгерістерге ұшырайтын ойын.

Ұлттық ойынының құрылымы бір мақсатты және бірқалыпты әрекетті қамтиды, бұл оны барлық балалар үшін қарапайым және тартымды етеді.

Халқымыздың ұлттық ойындарының көпшілігі «Ойлауды қажет ететін ойындарға» жатады. Балабақшада өткізілетін қимылдық ойын түрлері, мысалы: «Айгөлек», «Ханталапай», «Арқаласпақ», «Тақия тастамақ», «Түйілген орамал», «Арқан тартыс», «Аударыспақ», «Асық ойын», «Хан», «Бес тас», «Тартыс», т.с.с. ойындар балалардың дене бітімінің ғана емес, ақыл-ойының жаттықтырушысы. Мысалы, кіші топтарда жүзік салмақ ойынын ойнату арқылы, балаларды жылдамдыққа,

тапқырлыққа, ептілікке үйрету және т.б., ал, ересектер тобында хан талапай ойынында асықты шашып, оны кім жинап алады деген сияқты тапсырмалар орындату арқылы (асық артында тапсырма болады) тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеміз.

Ұлттық ойындар арқылы балаларды тәрбиелеу ұмыстарының бағыттарын төмендегідей береміз:

- ұлттық ойындар арқылы балалардың интеллектуалдық қасиеттерін, логикалық ойлауын жетілдіріп, әңгімелей білуге дағдыландыру;
- балаларға ізгілікті тәрбие беру-оқыту үрдісінде ха-лық педагогика-қасының мол мұрағаттарын пайдалана отырып, оларға ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, сипаттап айту-ға төселдіру;
- түрлі көркем шығармаларды пайдалана отырып, балаларға эстетикалық тәрбие беру арқылы олардың жеке тұлғалық қабілеттерін, жат нәрседен бойын аулақ салуға тәрбиелеу;
- балалардың сөздерді орынды қолдану дағдыларын жетілдіре отырып, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу.

Жоғарыда аталған бағыттар бойынша ұлттық ойындар мазмұнына қарай келесідей топтастырамыз:

- Сапқа тұрып ойнайтын қимылды ойындар: «Алмақ-салмақ», «Кемемен саяхат», «Ботақан», «Көрші» т.б.
- Спорттық ойындар: «Аударыспақ», «Арқан тартыс», «Көкпар», «Алтыбақан», «Қазақша күрес», т.б.
- Жүгіріп ойнайтын ойындар: «Қызыл жалау», «Күн мен түн», «Ақ терек пен көк терек», «Жапалақ», «Қыз қуу» т.б.
- Жүріп ойнайтын ойындар: «Ақ сүйек», «Шырпылар», «Кім тапқыр»
- Секіріп ойнайтын ойындар: «Ақ сүйек», «Шырпылар», «Кім тапқыр»
- Отырып ойнайтын ойындар: «Үкі мен құстар» т.б.
- Өрмелеп ойнайтын ойындар: «Тоғызқұмалақ», «Тақия тастау», «Құрылысшы», «Сабандар», «Оралмақ», «Айналмақ», «Жылқы, түйе, қой, ешкі», «Сақина салмақ», «Хан талапай», т.б.

Осыған орай баланың тұлғасын қалыптастыруда ұлттық ойындарды пайдалану жұмыстарының мынадай мақсаттары болуы керек:

1. Балаларды ұлттық болмысқа тәрбиелеу. Бұл төмендегі жұмыстар бойынша жүргізіледі:

- ұлттық ойындарды ұлттық тәлім-тәрбие көздерімен ұштастыруда жұмбақтарды, мақал-мәтелдерді, халықтың даналық, өсиет сөздерін айтқызу арқылы кеңінен қолдану;
- көркем шығармаларды ұлттық ойындар түрінде беру арқылы балалардың ұлттық мәдениет пен әдебиетке дұрыс көзқарасын қалыптастыру;
- ұлттық ойындар арқылы балаларға шешендік сөздерді үйретіп, олардың тіл мәдениетін жетілдіру керек.

2. Балаларды ұлттық ойындар арқылы әлемдік ізгілік пен әдептілік негіздерімен тәрбиелеу. Бұл үшін әлемдік тәрбиенің озық үлгілерін, сыннан өткен тәрбие көздерін білім беру дағдыларын «физикалық қасиеттерді дамыту, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын ойын барысында тиімді қолдану қажет. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында нақылдар мен өнегелік өсиеттерді үйрету арқылы балаларды адамгершілік құндылықтарды түсініп, оны келешек өмірінде дұрыс қолдана білуге дағдыландырады.

Балаларды дәстүрлі мәдениеттің ең жарқын және қол жетімді нышандарымен және элементтерімен (ұлттық тағамдар, киім-кешек, тұрмыстық заттар) таныстыру бір халықтың өмір салты басқалардан қалай ерекшеленетінін көрсетеді. Бірте-бірте бала ойында, халық өнері туындыларында неліктен белгілі бір заттардың, жануарлардың болатыны, шартты іс-әрекеттердің орындалатыны түсініледі. Бұл танысу белгілі бір заттардың атауы мен шығу тегі арасында байланыс орнатуға мүмкіндік береді, балалардың қызығушылығы мен одан әрі білімге деген құштарлығын оятады. Мәселен, Бестемше ойынын алайық.

Талай ғасыр түркі халықтарының сүйікті ойыны болған бестемше елімізде жаңғыру аясында қайта түледі. Әлемнің әр түкпірінде өмір сүретін әр алуан халықтың өз ұлттық ойындары бар. Міне, осы ойындардың шығу тарихын дөп басып айта алатындар сирек. Бұл өнердің басты қасиеті –баланың санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады.

Түркі халықтарының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі де дәлел бола алады. Жас бүлдіршіндердің дене күшінің мол болуымен қатар, ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойнаған. Бестемше ойынын балаларға ойнату тиімді, өйткені бұл барынша жеңіл әрі ережесі қарапайым, балаларға есептің 4 амалын меңгерумен бірге ойлау қабілетін қалыптастырады. Бестемшені бес ұяшық, бес таспен ойнайды. Бестемшенің маңыздылығы бұл ойынға барлық бала қатыса алады, нәтижесінде бала тез санап үйренеді.

Бестемше – тоғызқұмалақ ойындарының шағын түрі, әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын зияткерлік ойын. Бұл ойынның басты қасиеті – адам санасын жетілдіруге, ақыл-ойын кемелдендіруге ерекше күш салады. Қазақ халқының ұрпақ тәрбиесіне жауапкершілікпен қарайтынына осы ойынның өзі дәлел бола алады. Жасөспірімдердің дене күшінің мол болуымен қатар ақылды болуына да көп мән берген бабаларымыз осы ойынды ойлап тапқан.

Бестемше ойыны қазақ халқының ақыл-ой ойындарының бірі. Оның пайда болу мерзімі 4 мың жылдық мерзімді қамтиды. Бұл ойынға ұқсас ойындар Қырғызстан, Индонезия, Ява аралдары, Вьетнам, Малазия, Марокко және Түркияда кездеседі. Бестемше туралы мәліметтер өте аз. Ойын туралы «Қазақ тілінің түсіндірме» сөздігінде: «Тоғызқұмалақ ойынының бірнеше түрі бар. Оның балаларға арналған қарапайым, түрлерін «қоздату», «бестемше» деп атайды [7]. «Тоғызқұмалақтың» да, «Бестемше» де тақталарындағы отаулардың екі қатар болып орналасулары, екі ойында да ұтқан құмалақтар мен тастарды жинайтын қазандықтарының болуы және жүріс жасағанда сол жақтан оң жаққа қарай бір бағытта жүріс жасаулары бір-біріне мүлтіксіз ұқсайды. Тек «Бестемше» бес отау, ал «Тоғызқұмалақта» отау саны тоғыз. Бұл ойынды мектепке дейінгі ұйымдарда 3-4 жастағы балалар ойнайды.

«Бестемше» - бұл арнаулы тақтада ойналатын, математикалық ойын. Бұл ойынды ойы биік, есепке жүйрік балалар өте жақсы ойнайды. Ойындағы «Таш» сөзі – тас деген мағынаны айқындауымен қатар, ойынға жүріс жасау құралы ретінде қатынасы бар. Бұл атаулардың тоғызқұмалақтың мыңдаған жылдық тарихы бар көне ойын екендігін ескере отырып, түркі халықтарының шығу тегінің бір болғандығын байқаймыз.

Осындай ұлттық ойындарын тиімді өткізудің ең маңызды шарты – әрбір баланың жеке мүмкіндіктерін ескеру. Мектеп жасына дейінгі баланың ойындағы мінез-құлқы бар қозғалыс дағдылары мен жүйке жүйесінің ерекшеліктеріне байланысты. Ұлттық ойындарды таңдаудың маңызды критерийлері балалардың дене және психикалық дамуының жалпы деңгейі, олардың қозғалыс дағдылары, әр баланың

денсаулық жағдайы, сондай-ақ жыл мезгілі, күн тәртібі ерекшеліктері, орналасқан жері және қызығушылықтары болып табылады.

Ойын ережесінің тәрбиелік мәні зор. Олар ойын барысын анықтайды, балалардың іс-әрекеті мен мінез-құлқын, қарым-қатынасын реттейді, ерік-жігердің қалыптасуына ықпал етеді, т.б. олар баланың бойында өзін көрсете алмайтын қасиеттердің көрінуіне жағдай жасайды.

Бастамасы бар жаңа ұлттық ойынын түсіндіргенде, ересек адам оны алдын ала үйреніп алмау керек, бірақ оны ойын барысына күтпеген жерден енгізген жөн. Бұл әдіс балаларға үлкен рахат сыйлайды және оларды ойын элементімен іш пыстырудан босатады. Балалар, сөздердің динамикалық тіркесімін тыңдай отырып, ойынды қайталау кезінде басын оңай есте сақтайды.

Ұлттық ойындарды пайдаланудың жолдарын, әдістері мен тәсілдерін төмендегідей көрсетеміз:

Ұлттық ойындарды пайдаланудың жолдары: Шығармашылық, ұйымдастырылған іс-әрекет, бақылау, әңгімелесу, мекешенді жүргізу.

Ұлттық ойындарды пайдаланудың әдістері: Жаппай, жеке, толассыз, топталып ойнау.

Ұлттық ойындарды пайдаланудың тәсілдері: Практикалық, көтермелеу, салыстыру, сендіру.

Мектепке дейінгі ұйымдарда баланың тұлғасын қалыптастыруда тәрбие ісін кешенді жүргізіп, әдіс-тәсілдерді құбылта қолдану, алған білімдерін шығармашылықпен қолдана білу, ойынды тәжірибемен тиімді ұштастыра білудің маңызы зор.

Ұлттық ойынының нәтижелерін қорытындылау балаларда келесі жолы ең жақсы нәтижеге жетуге ұмтылу үшін қызықты және шығармашылық түрде жасалуы керек. Ойынды талқылауға барлық балалар қатысады. Бұл олардың іс-әрекеттерін талдауға үйретеді және ойын мен қозғалыс ережелерін сақтауға саналы көзқарасты тудырады.

Педагог өзінің басты міндеті балаларды белсенді және өз бетінше ойнауға үйрету екенін есте ұстауы керек. Тек осы жағдайда ғана олар кез келген ойын жағдайындағы зейін мен бұлшықет кернеуінің дәрежесін реттеуге, өзгермелі қоршаған орта жағдайларына бейімделуге, қиын жағдайдан шығудың жолын табуға, тез шешім қабылдауға және оларды жүзеге асыруға, инициатива көрсетуге, т.б. мектеп жасына дейінгі балалар өздерінің болашақ өміріне қажетті маңызды қасиеттерге ие болады.

Бала тұлғасында қалыптасатын маңызды қасиеттерді Е.А. Сағындықов зерттеуін негізге алсақ болады. Ол өз еңбегінде халық ойындарын мектеп жасына дейінгі баланың адамгершілік қасиеттерін дамыту құралы ретінде пайдаланып, мектеп жасына дейінгі жаста бойға сіңіру қажет 10 адамгершілік қасиеттерді атап көрсетеді: адамгершілік, мейірімділік, жауапкершілік, белсенділік, үнемшілдік, адалдық, риясыздық, жолдастық, жауаптылық, сыпайылық. Осы қасиеттердің барлығы ұлттық ойындарында бар. Ойын барысында балалар бір-біріне жолдастық қолдау көрсетіп, мақсатқа бірге жетуге үйренеді. Мектепке дейінгі жаста қалыптасқан тұлғаның негізгі адамгершілік қасиеттері балаға оның кейінгі өмірінде көмектеседі.

Қорыта келгенде, ұлттық ойындарының ерекшелігі - ұлттық ойынның басталуы («санақ үстелі», «жеребе тарту»), ол баланы ойынмен таныстырады, рөлдерді бөледі, балалардың өзін-өзі ұйымдастыруына қызмет етеді. Сонымен қатар, оның шығу, пайда болу тегінің ерекшелігіне байланысты белгілі бір тәрбиелік мақсат бірлігін көздейтінде.

## ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Жұмабаев, М. Педагогика. –А., 1992

- [2] Турскельдина, М.Т. Кел ойнайық. А., 2006. – 105 б.
- [3] Сағындықов, Е.А. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Рауан, 2001. – 175 б.
- [4] Запорожец, А.В. Вопросы психологии ребенка дошкольного возраста: Сб. ст./Под ред. Леонтьева А.Н. и Запорожца А.В. М.: Международный Образовательный и Психологический Колледж, 1995. - 144с.:
- [5] Лесгафт, П. Ф. Под ред. М. П. Ивановой. – М.: Ин-т практ. психологии; Воронеж: НПО "МОДЭК", 1998. – 411 с.
- [6] Лисина, М. И. // «Вопросы психологии», 2009, № 2: 95–97. Формирование личности ребёнка в общении. — СПб. : «Питер», 2009.
- [7] Қалиев, Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 2014. - 728 б.